

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023– 2024 оқу жылына ортаңғы топтарға арналған қазақ тілі ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

ҮІӨ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Айы
Қазақ тілі	<p>Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Тәрбиеленушілерге амандасуға үйрету. Жаңа сөздермен таныстырып, дыбыстардың айтылуына мән беру. Жаңа сөздерден сөз тіркесін құрастырып айтуға үйрету.</p> <p>Сүйікті балабақшасы туралы түсінік беру.Сөздің дыбысталу мәдениеті. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.Дыбыстарды айтуға машықтандыру.Ойын түрінде танысқан сөздерді қайталату. Сөздерді қайталау барысында дыбыстардың дұрыс айтылуын баса назарда ұстау. Менің отбасым туралы түсінік беру.Сөздің дыбысталу мәдениеті. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Дыбыстарды айтуға машықтандыру. Сөздерді қайталау барысында дыбыстардың дұрыс айтылуын баса назарда ұстау.Суреттер арқылы отбасы мүшелерін атап, оларды кім тез табады ойынын ойнату.</p> <p>Менің сүйікті ойыншықтарым. Ойыншықтарын күтуге баулу. ойыншықты педагогтің сұрауымен алып беруге үйрету. Жаңа сөздерді үйрету.</p> <p>Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>	Қыркүйек
Қазақ тілі	<p>Бөлмедегі жиһаздар ерекшеліктері, қандай материалдан жасалғандығы, күнделікті тұрмыста пайдаланылуы, қажеттілігі туралы айтып беруге үйрету. Үстел тамақ ішу үшін, сабақ оқу үшін керектігін түсіндіру.</p> <p>Менің сүйікті достарым. Жаңа сөздерді үйрету.Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың күз мезгілі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Күз айларын айтуға үйрету. Табиғатқа деген қамқорлықтарын арттыру. Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Менің Отаным Қазақстан тақырыбында балаларға мәлімет беру. Жаңа сөздермен таныстыру барысында балалардың туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.</p>	Қазан
Қазақ тілі	<p>Балалармен жемістер мен көкөністер туралы әңгімелесу, олардың денсаулыққа пайдасы туралы айтып беру. Балалардың сөздік қорларын молайту, дыбыстарды айыра білуге жаттықтыру.Сөздерді сөз тіркесін айту дағдысын қалыптастыру. Ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балаларға өздері тұратын ауыл туралы түсінік беру. Балалардың ауыл көшелері туралы білімдерін бекіту, өзінің тұратын қаласы жайлы мағұлмат беру. Жол ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Балаларға ауыл көшелерінде жүргенде абай бол керектігін туралы түсінік беру. Көргендерін өз сөздерімен әңгімелеп айта білуге дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Суреттер арқылы бағдаршам түстерін ажыратуға үйрету. Түстердің қандай мағына беретін туралы түсіндіру барысында дыбыстарды айтуға үйрету.</p> <p>Үй жануарлары туралы мәлімет беру. Балаларға үй жануарларын суреттер арқылы көрсетіп, олардың пайдасы туралы түсіндіру. Сүттің пайдасы мен одан жасалатын тамақтармен таныстыру.Жаңа сөздерді таныстыру барысында сөздік қорларын молайту.Ойын арқылы үлкен, кішкентай деген ұғымдарды қайталау. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Аңдар туралы мәлімет беру. Балаларға аңдардың суреттер арқылы көрсетіп, олардың пайдасы туралы түсіндіру. Жаңа сөздерді таныстыру барысында сөздік қорларын молайту. Ойын арқылы үлкен, кішкентай деген ұғымдарды қайталау.Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.</p>	Қараша

Қазақ тілі	<p>Балаларға түстер атауы үйрету. Ойыншықтар мен кубиктер арқылы түстерді ажыратуға үйрету. «Кім жылдам» ойын арқылы кімнің жақсы көретін түсін айтқызу, сол түстегі бір ойыншықты табуға үйрету, ойын арқылы жылдамдыққы, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Балаларға қыс мезгілі туралы мәлімет беру. Қыста болатын табиғат құбылыстарымен таныстыру. «Қыс қызығы» туралы айту. Өткен тақырыптар бойынша сөздерді суреттермен көрсету арқылы «Кім көп біледі» ойынын ойнату.</p> <p>Балаларға қар туралы мәлімет беру. Қыста болатын табиғат құбылыс қармен таныстыру арқылы, түстер тақырыбын қайталау. Табиғатты тануға деген қызығушылығын, балалардың туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру. «Кім жылдам» ойынын ойнату. Түстерді жылдам ажыратуға, карточкалардан таба білуге үйрету.</p> <p>Балалармен келе жеткен жаңа жыл туралы әңгімелесу. Жаңа жыл әр бала үшін қуанышты мереке, мереке қарсаңында балаларға бірінші жартыжылдық тақырыптар барысында өткен барлық тақырыптардағы сөздері қайталау. Жаңа жылдан не күтетендерін сұрау.Сыйлық туралы шағын әңгіме айтып беру.</p>	Желтоқсан
Қазақ тілі	<p>Балаларды киім атауларымен таныстыру.Киімдерді дұрыс киінуге, пайдалану барысында дұрыс жинап қоюға дағдылау. Күнделікті тұрмыста жиі пайдаланатын киім атауларын үйрету. Сөздік қорларын арттыра отырып, дыбыстарды дұрыс айтуға дағдылау. Суреттердегі киімдерді бояу ойынын ойната отырып, киімдегі түстерді дұрыс айтқызуға тәрбиелеу.</p> <p>Балаларды жылы киім атауларымен таныстыру. Күнделікті тұрмыста жиі пайдаланатын киім атауларын үйрету. Сөздік қорларын арттыра отырып, дыбыстарды дұрыс айтуға дағдылау. Суреттердегі киімдерді бояу ойынын ойната отырып, киімдегі түстерді дұрыс айтқызуға тәрбиелеу.</p> <p>Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беру. Жаңа сөздерді үйрену барысында дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Балаларды табиғатты аялауға, жан-жануарларды қорғауға деген көз-қарастарын қалыптастыру. Карточкаларды көрсету арқылы аңдарды табу ойынын ойнату.</p> <p>Балаларға жалпылама құстар туралы мәлімет беру. Үй құстары мен дала құстары туралы мағұлмат қалыптастыру. Жаңа сөздерді иегеру барысында , дыбыстарды дұрыс айтуға, дыбыстай алуға дағдылау. Сөздік қорларын молайту. «Бұл не?» ойынын ойнату.</p>	Қаңтар
Қазақ тілі	<p>Балаларға көліктер туралы мәлімет беру.Дыбыстарды дұрыс айтуға, дыбыстай алуға дағдылау. Сөздік қорларын молайту.Суреттер арқылы «Бұл не?» ойынын ойнату.</p> <p>Қазақ халқы тұрмысының салт-дәстүрлері мен ерекшеліктері туралы түсініктер беру,балаларды ұлттық ойын түрлерімен таныстыру арқылы ойын ойнату. «Бес тас» , «Арқан тарту» , «Тақия тастау» «Ханталапай» ойындарынан үзінді көрсету.</p> <p>Ойыншық атауларын қайталау. Оларды берші сөзімен байланыстыра қолдануға, ойнағысы келген ойыншықты сұрап алуға үйрету. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарау; балалардың сөйлеуін дамыту</p>	Ақпан
Қазақ тілі	<p>Балаларға көктем мезгілі туралы мәлімет беру. Көктемде болатын табиғат құбылыстарымен таныстыру. «Көктем» туралы айту. Балаларға көктем мезгілімен қатар келетін табиғаттың ояну туралы айттып беру. Көктем туралы әңгімеге араласуға тарту,суреттердегі көрністерді тамашалату.</p> <p>Балаларға аналар мерекесі туралы түсінік беру. Аналарын, қыз балаларды сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. «Менің анама гүл сыйлаймын» тақырыбында сурет салдыру. Салған суреттері бойынша сұрақтар қою.</p> <p>Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Грамматикалық жүйелі сөйлеуге, мерекелік көңілін көтеру, елге деген сүйіспеншілікпен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	Наурыз

Қазақ тілі	<p>Балаларға көктемгі егістік туралы, нан қалай жасалатынын туралы түсінік беру: тұқым себуге дайындық, бидай егуге алқапты дайындау процесі, астықтың өсуі туралы, нанды пісіру процесі, тоқаш-нан өнімдерінің пайдасы, наубайшы мамандығы туралы қысқаша бейнеролик көрсету. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Көкөніс атауларын бекіту. Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қимыл ойындары арқылы игеру барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды күнделікті өмірде кездесетін мамандық атауларымен таныстыру. Суреттерді пайдалана отырып, «Қандай маман» ойынын ойнату арқылы мамандық атауларын айтқызу. Болашақта қандай сала иегері болатын туралы әңгімелесу, балалардың өмірге деген көз-қарастарын қалыптастыру.</p> <p>Қазақстан халқының тарихына, мәдени мұрасына баулу, тәуелсіз еліміздің басты жетістігі – халықтар арасындағы достық түсінігін қалыптастыру.</p> <p>Достыққа тәрбиелеу. Сөздік қорларын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген жанашырларын ояту. Туған жер туралы түсінік беру.</p> <p>Өз еліне деген сүйіспеншілікті, қарулы күштер үшін мақтаныш, патриоттық сезімдерін, Отан қорғаушыларына эмоционалдық жағымды қатынасты, алғыр, мықты, жігерлі Отан қорғаушылар болуға тәрбиелеу.</p>	Сәуір
Қазақ тілі	<p>Балалармен жаз айлары туралы әңгімелесу. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорларын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген жанашырларын оятуды жалғастыру. Жаз мезгілімен қатар келетін табиғат құбылыстарын айтқызу. Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларға биылғы оқу жылы барысында танысқан жаңа сөздері мен алған білімдерін қорытындылау мақсатында тамақ, киім, жеміс-жидектер, дене мүшелері, өсімдіктер, үй жануарлары тақырыбында танысқан сөздерін айтқызу және «Кім жылдам» ойыны арқылы әр бала суреттерді жоғарыда аталған топтарынға дұрыс ажыратып жинату. Атауын айтқызу барысында дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалау.</p> <p>Жыл бойы өткен тақырыптарды қайталау барысында балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беру. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Балаларды табиғатты аялауға, жан-жануарларды қорғауға деген көз-қарастарын қалыптастыру. Карточкаларды көрсету арқылы аңдарды табу ойынын ойнату.</p>	Мамыр
		36